

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектебі» КММ 2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

«23» мамыр 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектебі» КММ-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектебінде жалпы қызметкерлер саны –23 Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша –17, әкімшілік қызметкер – 3, бала күтімінде 3 педагог.

Педагог шебер – 0, педагог-зерттеуші –1, педагог сарапшы – 6, педагог-модератор – 6, санатсыз саны – 4 . Есепші – 1, іс-қағаздарды жүргізуші – 1, кітапханашы – 1. Жоғары білімді – 22. Орта білім – 1. Педагогика ғылымының магистрі –2.

Сонымен қатар, орта мектепте барлығы оқушы бар. 1-ші аусымда 120 оқушы, оның 35 –і №60 түзету мекемесінде оқиды. №37 түзету мекемесінде 6 жазасын өтеуші оқушылар білім алады.

Сондай-ақ, кадр мәселесіне қатысты осы оқу жылында «еңбек.kz» арқылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 0. Конкурс арқылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 1.

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

Оның ішінде:

- білім саласына қатысты - 75,
- мектепке тікелей келген өтініштер -34,
- басқа да өтініштер - 3.

1.«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) – 1.

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны –0 .

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) –0 санды құрайды.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектепте бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру үнемі назарда.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектебі бойынша 2025 жылдың жылдық жоспары қаржы соммасы 86 452,0 мың теңге

Оның ішінде;

111 бағдарлама бойынша – 69 781 ,0 мың ;

111 бағдарлама бойынша – 5 865,0 мың;

116 бағдарлама бойынша – 1 1420,0 мың;

121 бағдарлама бойынша – 2 987,0 мың;

122 бағдарлама бойынша – 2 490,0 мың;

124 бағдарлама бойынша – 2 109,0 мың;

149 бағдарлама бойынша – 669,0 мың;

152 бағдарлама бойынша – 856,0 мың;

159 бағдарлама бойынша – 275,0 мың;

Мемлекеттік сатып алу бойынша 2025 жылғы 1 тоқсан қорытындысымен толықтай жұмыстар жасалып талапқа сай қажетті жабдықтар мен материалдар алынды.

Мектепте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен орта мектепте жеке тұлғалардан –0, заңды тұлғалардан – 0 өтініштер келіп түскен.

Сонымен қатар, әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері қала бойынша I тоқсанда жұмсалған қаржы соммасы 24211, 0 мың теңге.

Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектеп директорының жеке қабылдау тұрақты өткізіліп тұрады. Бірақ директормен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді.

Бекітілген кестеге сәйкес көрсетілген мерзімде 3 рет азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, ата-ананың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Ішкі талдау барысында Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектебінде өтініштер тіркеліп, қаралып, өтініш иелеріне жазбаша, уақытылы жауап беріліліп, өтініш иелеріне ҚР-ның заңнамаларына сілтеме жасай отырып, өтініш иелеріне қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндірілген.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны –3 заңды тұлғадан - 1. Жеке тұлғадан – 2. Бұл өтініштер бойынша өтініш иесімен сөйлесіп, тыңдау хаттамалары жасалынып, өтініштер электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Ақпараттық жүйелермен жұмыс жүргізу барысында қолданыстағы техникалардың толық жұмыс жүргізілуі. Ақпараттық жүйелермен оның ішінде: **BilimClass** - маңызды деректермен, электронды жүйеде жұмыс істеу кезінде, ақпараттық қауіпсіздік өте маңызды. Маңызды деректердің жоғалту тәуекелін азайту үшін, бірнеше қарапайым ережелер сақтаймыз. Сонымен қатар бұл платформалардың оқушылар мен ұстаздарға арналған мобильді қосымшалары және онлайн біліктілікті арттыру курстары секілді қосымша қызметтері іске қосылған.

1. Құпия сөз сенімді болуы тиіс. Пайдаланушы атымен, құпия сөзді көпшілікке қолжетімді орындарында қалдыруға болмайды. Құпия сөзді үшінші тұлғаларға беруге болмайды.

2. Мұғалімдермен оқушыларға арналған сабақ кестесі уақыты салынып, уақытылы толтыру қадағаланады. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау, ақпараттың жоғалуынан, бұзылмауынан көмектеседі.

Е-Өтініш - Өтініштермен жұмыстың барлық процестерін цифрландыру келесіні қамтамасыз етеді:

- өтініштерді мемлекеттік органдардың құзыреті бойынша бағытын автоматты түрде анықтау;
- мемлекеттік органдар арасындағы сұраныстар санын оңтайландыру есебінен өтініштерді қарау мерзімін қысқарту;
- өтініш берушіні өтінішті қараудың барлық кезеңдері, сатылары және мерзімдері туралы хабардар ету;
- мемлекеттік органдарға келіп түсетін барлық өтініштердің бірыңғай базасын қалыптастыру.

Сонымен қатар, «Е-өтініш» жүйесі өтініш берушімен кері байланыс жүйесін жүргізуге және мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл платформада кез-келген мәселелерді қарауға болады.

1. Байланыс және коммуникация. Қала және ТКШ. Мемлекеттік қызметтер және қызмет көрсету. Ерекше қажеттіліктер. Жер. Бизнес. Салық.

2. **ҰБДБ** - білім беру саласы бойынша алғашқы статистикалық деректер жинау және өңдеу жөніндегі бизнес-үдерістерді автоматтандыруға арналған ЭОЖ кіші жүйесі. ҰБДҚ-да «ҚР БҒМ – білім басқармасы – білім бөлімі – білім ұйымы» тізбегі бойынша қолмен толтырылатын және жиналған, әкімшілік есептер үшін деректер жинау автоматтандырылған. Барлық білім беру ұйымдары базаға енгізген статистикалық мәліметтерін: оқушылардың қозғалысы, педагогтер туралы мәліметтер, материалдық-техникалық база, мектеп бітіруші түлектер туралы мәліметтеріне өзгерістер мен толықтырулар уақытылы енгізіліп отырады.

3. **ES.IAC.KZ** - Білім беру туралы құжаттардың телнұсқасын беру. Білім туралы құжаттардың телнұсқалары және оларға қосымшалар жоғалған немесе бүлінген құжаттардың орнына, сондай-ақ, өзінің тегін (атын, әкесінің атын (болған жағдайда) өзгерткендерге беріледі. 4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету болып табылады. 5. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет академиямен көрсетіледі. (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші). 6. Көрсету нысаны: қағаз жүзінде. 7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

4. **Қауіпсіздік шаралары барысында орнатылған камералар саны** – 11 дана орнатылған. Білім беру саласындағы террористік тұрғыдан осал нысандарды қорғауды ұйымдастыру. Мекеме әкімшілігі техникалық ерекшелікте күзетті қамтамасыз ету.

Кешенді қауіпсіздік жүйесі тәулік бойы күзетті қамтамасыз етеді, әрі ғимараттың ішінде **дабыл түймесі** орнатылған. Мектептің негізгі жұмысы – білім беру. Десек те, оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі қашан да жоғары орында тұрады хақ. Осы мақсатта білім ордаларындағы дәліздер мен кабинеттерде орналасқан бейнебақылау камераларынан бөлек, төтенше жағдайға арналған дабыл түймелері де қойылған. Олар кіреберіс пен мектеп директорының кабинетіне қойылған.

9)Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Оқу-тәрбие процестері бойынша қолданыстағы заң талаптарының сақталуына және білім беру саласының өз деңгейінде жүргізілуіне қадағалау жасау барысында " Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектеп " КММ-де Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес, ата-аналар жиналысында, қамқорлық кеңес отырыстарында түсіндіру жұмыстары өткізіліп тұрады.

«Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектеп» КММ-сі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасына және 3-тарауымен бекітілген «Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес

жұмыс жүргізген. Орта білім беру ұйымының үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі: негізгі орта білім беру – 1 жыл, жалпы орта білім беру – 2 жыл. Орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогтердің тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар және білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтар қызмет атқарады. Орта білім беру ұйымына арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына сәйкес сыныптағы білім алушылардың мүмкіндігі зерделенді.

2024-2025 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және өзгерістер енгізілген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы, орта білім беру ұйымдары үшін «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы және өзгерістер енгізілген:

9 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 31-32 қосымшалары;

10-11 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 31-32 қосымшалары /қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша/ оқыту жүзеге асырылған.

Тарифтеу кестесіндегі оқу жүктемелері төмендегідей:

I жарты жылдық бойынша:

9 сыныптар бойынша – 21,5 сағат;

10 -11 сыныптар бойынша – 23 – 24 сағат;

Барлығы: 9-11 сыныптар бойынша – 256,5 сағат;

II жарты жылдық бойынша:

9 сыныптар бойынша – 21,5 сағат;

10-11 сыныптар бойынша – 23 – 24 сағат;

Барлығы: 9-11 сыныптар бойынша – 256,5 сағат;

2024-2025 оқу жылы бойынша BilimClass порталынан мектеп бойынша білім сапасы қаралды, сыныптар бойынша білім сапасы шығарылған. Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған, үлгермеуші оқушы жоқ екендігі анықталған. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.

Педагогтардың біліктілігін арттыру, олардың аттестаттаудан өту мәселелеріне шолу жүргізу бойынша 2024-2025 оқу жылында педагог аттестаттаудан өтуге өтініш білдірді. Педагог-зерттеуші – 1, Педагог-сарапшы – 2, Педагог-модератор – 2. Отыз жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер саны – 3.

Құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында мектепшілік жүргізілетін іс-шаралар жоспарларына, оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуіне және психологтардың жүргізілуге тиісті құжаттарының сапалы орындалуы және басқа да осы саладағы

құжаттарға толық зерделеу жүргізу барысында кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу, электронды темекі бұйымдарын пайдаланбау бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу», «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Адалдық және жауапкершілік», «Профилактикалық шара ІІБ біріккен жұмыс», «Есірткі және құқықбұзушылық», «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Профилактикалық шара ІІБ біріккен жұмыс», «Ғаламтордан келген қауіп», «Буллинг және оның алдын алу», «Құқықтық тәртіп және тәртіп бұзушылықтың алдын алу», «Тоқтаңыз! Басып кету қаупі бар!» тақырыптарында жоспарға сәйкес іс-шаралар мен түсіндірме жұмыстары, рейдтік жұмыстар, тренингтер сонымен қатар ата-аналардың, мектеп инспекторының қатысуымен түрлі бағытта жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

«Негізгі сыныпты бітіру», «Соңғы қоңырау», «Аттестат тапсыру» кештерін өткізу барысында бітірушілер мен ата-аналарынан ақша жинау және білім беру ұйымдары мен педагог қызметкерлеріне сыйлықтар мен қаржылай сыйлықтар беру (алу) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болу фактілері бойынша тиісті мониторинг жүргізу, бітіруші 9, 11 сыныптардың ата-аналарының қатысуымен жылдағы дәстүр бойынша кезекті отырыс жасалынып, соңғы қоңырау мерекесіне, мемлекеттік емтихан, аттестат тапсыру мәселесін ұйымдастыру барысында ақша жинау, сыйлық жасауға қатаң тыйым салынатыны жөнінде ата-аналарға, оқушыларға ескертіліп, жиналыстар хаттамаланды.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қызылорда қаласының жалпы білім беретін кешкі мектебі» КММ-нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

**Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«Қызылорда қаласының жалпы білім беретін
кешкі мектебі» КММ-нің директоры**



Б.Утегенов